ӘОЖ 902; МҒТАР 03.41.91

А. Құрманғалиев [1]✉
[1]✉*Археология және этнография бөлімінің жетекшісі, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан*
e-mail: armanqayrat2017@gmail.com

ЖОҒАРҒЫ ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ СОҢҒЫ ТЕМІР ДӘУІРІ ЖЕРЛЕУ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ЖАЙЛЫ ТАҒЫ БІР ПІКІР

Аңдатпа. Мақала ертіс өзенің Қазақстан аумағынан бастау алатын жеріндегі ерте темір дәуірінң соңғы кезеңіне жататын ерекше мәдени жерлеу орындарына арналған. Мақалада Кеңес дәуірі тұсындағы зерттеулермен жаңа зерттеулерді салыстыра отырып жерлеу орындарындаға мәдени дәстүр алмасудың тұрғындардың этникалық құрам өзгерістерінің жайлы ғалымдардың ғылыми тұжырымдары айтылады. Қазақстанның аумағындағы Ертіс бойындағы археологиялық ескерткіштердің археологиялық сипаттамасы, типалогиясы мен этномәдени контекті қарастырылады. Археологиялық зерттеу қазба жұмыстары нәтижесінде айқындалған археологиялық матералдар (жерлеу құрлысының сәулеті, қыш ыдыстар, қару-жарақ және әшекей) бұйымдар кешенді талдау негізгі аймақтық ерекшеліктерін бөліп көрсету. Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты ғалымдардың ғылыми тұжырымдамасын негізе ала отырып аймақтағы соңғы темір дәуірі Құлажорға мәдениеті және т.б. ескерткіштердің тарихи-мәдени маңызын айқындау.

Кілт сөздер: Құлажаорға мәдениеті, ертіс алабы, соңғы темір дәуірі ескерткіштері, кезеңделу мәселесі, типологиясы, матералды мәдениеті, далалық археологиялық зерттеулер.

REVISITNG THE FUNERAL OF LATE AGE IN THE UPPER IRTYSH BASIN

Abstract. The article is dedicated to the unique cultural burial sites dating back to the late period of the Early Iron Age in the upper reaches of the Irtysh River within the territory of Kazakhstan. By comparing Soviet-era research with recent findings, the paper presents scientific conclusions regarding the exchange of cultural traditions at burial sites and changes in the ethnic composition of the population. It examines the archaeological characteristics, typology, and ethnocultural context of archaeological monuments along the Irtysh River in Kazakhstan.

Based on a comprehensive analysis of archaeological materials uncovered during excavations including burial architecture, ceramics, weaponry, and ornaments the main regional features are highlighted. The primary goal of this research is to clarify the historical and cultural significance of the Late Iron Age monuments in the region, such as the Kulajorga culture, drawing upon existing scientific concepts.

Keywords: Kulajorga culture, Irtysh basin, Late Iron Age monuments, periodization issue, typology, material culture, field archaeological research.

ЕЩЕ ОДИН ВЗГЛЯД НА ПОГРЕБАЛЬНЫЕ ПАМЯТНИКИ ПОЗДНЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА ВЕРХНЕГО ПРИИРТЫШЬЯ

Аннотация. Статья посвящена уникальным культурным погребальным памятникам позднего периода раннего железного века, расположенным в казахстанской части бассейна реки Иртыш. На основе сравнительного анализа советских и современных исследований представлены научные выводы ученых о смене культурных традиций в погребальных обрядах и изменениях в этническом составе населения. Рассматриваются археологическая характеристика, типология и этнокультурный контекст археологических памятников Прииртышья на территории Казахстана.

На основе комплексного анализа археологических материалов, выявленных в ходе раскопок (архитектура погребальных сооружений, керамическая посуда, вооружение и украшения), выделены основные региональные особенности. Главная цель научной работы – опираясь на концепции ученых, определить историко-культурную значимость Кулажоргаской культуры и других памятников позднего железного века данного региона.

Ключевые слова: Кулажоргаская культура, бассейн реки Иртыш (Прииртышье), памятники позднего железного века, проблема периодизации, типология, материальная культура, полевые археологические исследования.

Кіріспе

Географиялық тұрғыдан алғанда, Жоғары Ертіс өзені Қытайдан Қара Ертіс болып бастау алып, Зайсан көліне құяды, Бұқтырма су қоймасынан ағып шығып, Семей қаласына дейінгі таулы және тау бөктеріндегі аумақты қамтиды. Осы географиялық кеңістіктегі Ертіс бойы археологиялық ескерткіштерін зерттеу – Қазақстанның көне тарихындағы аса маңызды бағыттардың бірі. Себебі бұл мәдени-тарихи өңір ерте замандардан бері адамзат дамуындағы күрделі үдерістермен тығыз байланысты болды. Аталмыш аймақта тарихымызда үлкен кезеңді алып жатқан ерте темір дәуірінің бірнеше мәдениеті пайда болып, дамығандығын археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері толық дәлелдейді. Б.з.д. IV ғасырдың соңы мен б.з. I ғасыры аралығындағы Алтай мен Тарбағатайдың теріскей бетіндегі археологиялық деректер бұл өңірде мәдени дәстүрлердің сабақтастығы бұзылып, тұрғындардың этникалық құрамы өзгергенін айқын көрсетеді. Ғалымдардың басым бөлігінің пайымдауы бойынша, бұл үдеріс «Халықтардың Ұлы қоныс аударуымен», атап айтқанда ғұндардың жаулап алу жорықтарымен тікелей байланысты.

Жалпы алғанда, аталған тарихи кезең ғылыми айналымға Шығыс Қазақстандағы ерте темір дәуірінің соңғы кезеңі ретінде енді. Нақтырақ айтқанда, бұл аймақтың ерте темір дәуірі майемер, берел және құлажорға кезеңдерінен тұрады. Алдыңғы екі кезеңнің хронологиясы, мәдени сипаттамасы мен өзге де ерекшеліктері жеткілікті түрде зерттелгендіктен, Құлажорға кезеңіне тереңірек тоқталған жөн.

Археологиялық зерттеулерге шолу Құлажорға мәдениетінің 1940–1980 жылдар аралығында және 1990 жылдардың басында қарқынды зерделенгенін көрсетеді. Кеңес дәуірінде С.С. Черников Құлажорға кезеңін Шығыс Қазақстандағы ерте темір дәуірінің жеке ескерткіштер кешені ретінде бөліп көрсетті. Ал кейіннен Шүлбі ГЭС аумағында жүргізілген зерттеу материалдарының негізінде бұл кезеңнің бастапқы хронологиялық шеңбері б.з.д. IV ғасырға дейін ұзартылды (Оңғар, 2010).

Жерлеу орындарынан алынған ақыреттік заттар мен жерленген адам мүрдесінің антропологиялық типі жағынан Құлажорға мәдениетінің үйсіндерге ұқсастығы туралы алғашқы деректерді С.С. Черников өзінің ғылыми есептерінде атап көрсеткен (Черников, 1948). Бұл ғылыми тұжырымды Тарбағатайдың теріскей бетінде қазба жұмыстарын жүргізген (1989–1998 жж.) ҚазҰУ профессоры Ә.Т. Төлеубаев басқарған археологиялық экспедиция әрі қарай жалғастырып, бұл бағытты зерделеуге елеулі үлес қосты. Ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында Тебіске, Қарғыба, Базар, Боғас өзендерінің бойында орналасқан Боғас I, Базаршаты, Бесоба, Қараоба, Жыланды, Сөк сияқты обалар тобы мен «мұртты» обалар анықталып, есепке алынды.

Оба үйіндісінің етегінде дөңгелек және төртбұрышты қоршаулары бар Ащылы I, Ақтүбек I қорымдарындағы «үйсін мәдениетіне» жататын, басым бөлігі тоналған алты оба мен бір қоршауға қазба жұмыстары жүргізілді. Құлбабас қорымындағы №1, 2, 6, 7 обаларда сақталған жерлеу ғұрыптары Орта Азияның ақымдап жерлеу дәстүрімен салыстырмалы түрде талданды. Зерттеу нәтижесінде қабір шұңқырының солтүстік қабырғасынан ақым жасап, мәйітті басын батысқа қаратып шалқасынан қою, сондай-ақ заттай кешендерді шығыстан батысқа қарай бағыттап орналастыру үрдісі Жетісу үйсіндерінің мәдениетіне ұқсас екені анықталып, бұл ескерткіштер б.з.д. I – б.з. I ғасырларымен мерзімделді (Төлеубаев, 1999).

Қазақ Алтайы мен Жетісу өңірін мекендеген тұрғындардың жерлеу ғұрыптарындағы өзара ұқсастықтар мәселесіне А. Оңғар өз диссертациялық зерттеуінде арнайы тоқталып, екі өлке арасындағы мәдени байланыстар мен миграциялық үдерістердің динамикалық сипатта болғанын атап өтеді (Оңғар, 2010).

Ғ.Қ. Омаров өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында Қазақ Алтайы мен Тарбағатай тауларының аралығындағы өңірде ерте темір дәуірінде өзге аймақтармен салыстырғанда мәдени үдерістердің тез жүргенін алға тартады. Сонымен қатар кейбір өзге аймақтарда бірен-саран ру-тайпалардың бірнеше ғасырлар бойы томаға-тұйық күй кешкенін және археологиялық қазба деректері көрсетіп отырғандай, мұнда мекен еткен халықтардың этнографиялық жағынан бір-бірінен өзгеше болғанына назар аударған (Омаров, 2010).

Соңғы жылдардағы зерттеу жұмыстарына көз жүгіртсек, Ә.Т. Төлеубаев зерттеген Шілікті қорымындағы Құлажорға мәдениетіне тән Шілікті IV қорымының №7 обасындағы жерлеу ғұрыптары мен табылған ақыреттік заттардың Құлажорға мәдениетінің дәстүрлеріне ұқсас екені байқалады (Төлеубаев, Жұматаев, Шагирбаев, 2017).

Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуіріне тән негізгі тарихи-мәдени кезеңдердің бірі – Құлажорға кезеңі. Өңірдің ерте темір дәуіріне қатысты археологиялық деректерін жинақтау процесі XIX ғасырда-ақ басталғанымен, ғылыми құндылығы жоғары, шынайы дереккөздер жүйелі түрде XX ғасырдың екінші жартысынан бастап топтастырыла бастады. Бұл тұрғыда С.С. Черников, С.С. Сорокин, Ф.Х. Арсланова, З.С. Самашев, Ә.Т. Төлеубаев сияқты көрнекті зерттеушілердің қазба жұмыстары барысында жинақтаған археологиялық материалдарын ерекше атап өткен жөн. Аталған ғалымдардың зерттеу нәтижелері бейнеленген ғылыми есептері мен мұрағаттық деректері кешенді түрде талданды.

Аталған аймақтардың ежелгі тарихы әлі де болса кешенді түрде толық зерделене қойған жоқ. Әсіресе, археологиялық мәдениеттердің өзара сабақтастығы, ұқсастықтары мен ықпалдастығы сияқты өзекті мәселелер ұзақ уақыт бойы біржақты зерттеулердің салдарынан қалыптасқан сыңаржақ көзқарастар шеңберінде қалып келеді. Осыған байланысты, Жоғары Ертіс өңірінің соңғы темір дәуіріндегі тарихи-мәдени үдерістерін кешенді түрде қарастыру ерекше ғылыми маңызға ие. Зерттелген жерлеу ескерткіштері мен археологиялық материалдарды жинақтап, жаңа ғылыми талдаулар жасау; Жетісу және Орталық Қазақстан сияқты тарихи-географиялық шекаралас аймақтарда, сондай-ақ Ұржар, Аягөз, Жарма, Тарбағатай аудандары мен Семей қаласының маңында осы кезеңге тән ескерткіштерді зерттеу жұмысының маңызын арттыра түседі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланың зерттеу теорико-методологиялық негізі объективтілік, жүйелілік және тарихилық принциптеріне сүйенеді. Деректерді сараптау барысында ғылыми мәселенің әртүрлі тұжырымдар тұрғысынан зерделенуін ескере отырып, зерттеу объектісінің динамикалық өзгерістерін есепке алу әдістері қолданылды. Осы уақытқа дейін жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарын кешенді түрде қарастыру мақсатында жүйелеу мен тарихи-типологиялық талдау тәсілдері пайдаланылды.

Тарихи мағлұматтарды анықтау, ғылыми деректерге жүйелі талдау жасау, жекелеген тұжырымдар мен концептуалды қорытындыларды терең түсіну, сондай-ақ отандық және шетелдік зерттеулердің өзара ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айқындау мақсатында археологиялық материалдар жан-жақты қаралды.

Сонымен қатар ғылыми деректерді жинақтау, жүйелеу, сараптау және оларға дедукциялық әрі индукциялық (жекеден жалпыға және жалпыдан жекеге) тәсілдер негізінде объективті баға берілді. Ескерткіштердің зерттелу деңгейін сараптауда **проблемалық-хронологиялық** және **тарихи-типологиялық принциптер** басшылыққа алынды.

Археологиялық қазбалар барысында жерлеу орындарынан табылған инвентарлық артефактилерді – қыш ыдыстарды, қару-жарақ түрлерін (соның ішінде жебе ұштарын), сондай-ақ сырға мен айна сияқты әшекей және тұрмыстық жәдігерлерді топтастыру мақсатында **археологиялық типология, типологиялық классификация** және

хронологиялық-типологиялық салыстырмалы әдістер қолданылып, арнайы классификациясы ұсынылды.



Сурет 1. *Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейінің археология қорындағы қыш ыдыстар кешені (Ю.П. Алехин материалдары бойынша)*




Сурет 2. *Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейінің археология қорындағы қыш ыдыстар кешені (Ю.П. Алехин материалдары бойынша)*

Б.з.д. III-I ғасырлармен мерзімделетін Зевакино қорымындағы қорған-қоршаулар бір жерде шоғырланып орналасқан. Көпшілігінде дерлік қабір шұңқырында бастары шығысқа қаратылған адаммен бірге жылқы жерлеулері кездеседі. Ақыреттік заттардан құлажорға кезеңі жерлеу дәстүрінің бір белгісіне айналған қыш ыдыс пен қой құйымшағы жиі ұшырасады. Ф.Х. Арсланова Зевакино қорғандарындағы жерлеу ғұрпы мен қойылатын ақыреттік заттар құлажорғалықтарға ұқсас екендігін көрсете келе, олардың бір мәдениетті қалыптастырушы, этникалық тегі жағынан ортақ халық болуы мүмкіндігі туралы пікір білдіреді (Арсланова, 1968-1969).



Сурет 3. *Шығыс Қазақстан облысынан табылған керамика (С.С.Черников және Ф.Х. Арсланова материалдары бойынша)*

Ғалым З.Самашев Жартас және Ақши II қабір шұңқырлары сопақ формада болған. Қабірдің ішкі құрылымында кейде ағаш рамалары кездескен. Зерттелген қорғандардың көпшілігінде адамдар топырақты шұңқырларда созылған күйінде, шалқасынан, қолдары денесін бойлай жерленген. Басы тек қана батысқа қаратылған. Ақыреттік заттардан сазды ыдыстарынан басқа, темір пышақтар, түйреуіштер, мыстан жасалған сырғалар және жебе ұштары кездескен.



Сурет 4. *Құлажорға типіндегі ақыреттік заттардың классификациясы. 1-6 Убаредмет қорымы; 2-5 Қарашат III қорымы; 7-Жартас қорымы; 8-Ақши II қорымы (З.Самашев материалдары бойынша)*

Құлажорға типті ескерткіштер – Шығыс Қазақстан мен Жетісу өңіріндегі соңғы темір дәуірінің (б.з.б. III ғ. – б.з. IV ғ., яғни сақ-үйсін және ғұн-сармат дәуірлерінің өту кезеңі)

маңызды археологиялық нысандарының бірі. Бұл ескерткіштер алғаш рет Бұқтырма су қоймасы аймағындағы Құлажорға өзені бойынан табылып, зерттелген (Самашев, 1987).

Жерлеу құрылысының ерекшеліктеріне тоқталар болсақ, **тас жәшіктер (цисталар)**: Құлажорға ескерткіштерінің басты визит карточкасы – топырақ астында ірі тас плиталардан құрастырылған жәшіктердің (тас табыттардың) болуы. **Обалардың сыртқы пішіні:** беті тас пен топырақ аралас үйіндімен жабылған чашка тәрізді немесе аласа дөңгелек обалар. **Мәйітті қою салты:** мәйіттер тас жәшіктердің ішіне көбіне созылып, басы батысқа немесе солтүстік-батысқа қаратылып жалғыз жерленген.

Заттай материалдар мен артефактілер: керамика (қыш ыдыстар): түбі жалпақ, мойнағы тар немесе кең болып келетін құмыралар мен аяқтар. Ыдыстардың сырты көбіне қызыл немесе қоңыр ангобпен (арнайы балшық сұйықтығымен) қапталған, кейде геометриялық ойық нақыштармен әшекейленген**. Қару-жарақ және еңбек құралдары: темір қанжарлар мен пышақтар:** ғұн-сармат кезеңіне тән сабында сақинасы немесе тура айшығы бар темір қанжарлар. Жебе ұштары: үш қырлы және ромб пішінді темір **жебе ұштары**. Еңбек құралдары: сүйек тескіштер, ұршық бастары, тас қайрақтар.

Әшекей бұйымдары мен киім бөлшектері: қасып-тоғалар: қоладан және темірден жасалған белдік тоғалары. Моншақтар: шыныдан, пастадан, сердоликтен және халцедон тастарынан жасалған түрлі-түсті моншақтар. Сырғалар мен білезіктер: сымнан иілген қарапайым қола сырғалар мен салпыншақтар.

Құлажорға типті ескерткіштердің тарихи маңызы: мәдени сабақтастық: бұл ескерткіштер бұрынғы Пазырық/Сақ мәдениетінен кейінгі Ғұн-Үйсін заманына өту кезеңіндегі Шығыс Қазақстанның этникалық және мәдени өзгерістерін көрсетеді. Көшпелілердің интеграциясы: археологиялық материалдардан Алтай, Жетісу және Орталық Қазақстан тайпаларының өзара тығыз мәдени және сауда-экономикалық байланыста болғаны айқын көрінеді.

Нәтижелер және талқылау

Жоғары Ертіс өңірінің соңғы темір дәуірін зерттеу жұмыстары С.С. Черников Құлажорға кезеңіне жататын біршама қорымдарда қазба жұмыстарын жүргізіп, алынған нәтижелер негізінде осы ескерткіштерді қалдырған тайпалардың мәдени-технологиялық ерекшеліктеріне, жерлеу ғұрыптарына, сондай-ақ олардың мерзімдік хронологиясына қатысты ғылыми пайымдауларын ұсынды (Черников, 1949). Шығыс Қазақстанның археологиялық кезеңдемесін алғаш болып жасаған зерттеуші Құлажорға ескерткіштеріндегі мәйіттердің тек тас жәшіктерге ғана емес, сонымен қатар ағаш табытпен қоршалған жер қабірлерге жерленгенін, ал мұндай жерлеу түрінде ақыреттік инвентарлардың кездеспейтіндігін анықтады. Бұдан бөлек, ғалымның пікірінше, Құлажорға кезеңінің ең ерте сатысындағы қорғандарға тасты-топырақты үйінділер, тас жәшіктер, сондай-ақ мәйітті оң жақ қырымен, басын шығысқа қаратып жерлеу дәстүрі тән болған. Зерттеуші Құлажорға кезеңі қорғандарын сақтарға жатқызатындығын айта келе, кейбір белгілері үйсіндерге келетінін алға тартып, алдын ала есеп беруінде оларды б.з.д. IV–III ғғ. мерзімдейді (Черников, 1948). Бірақ кейіннен аталмыш мәселеге байланысты біраз материалдар толықтанған тұста, зерттеуші өзінің құлажорға ескерткіштері туралы тұжырымдалған, біршама қорытындыланған мақаласында оның уақытнамасын б.з.д. III–II ғасырлармен мерзімдеген болатын (Черников, 1948).


Ескерткіштердің жерлеу дәстүрінің ерекшелігін отандық ғалым З. Самашев өзінің алғашқы зерттеу жұмыстарын Ертісте Шүлбі су қоймасының құрылыс алдында зерттеу жұмыстарын бастаған уақытта 1980–1983 жылдар аралығында Құлажорға кезеңіне жататын Жартас, Убаредмет ауылы маңы, Қарашат III, Ақший II ескерткіштерінде қазба жұмыстарын жүргізген (Самашев, 1987). Ғалым зерттеу жұмыстары барысында тың мәліметтер алып, ерте көшпелілер дәуірінің конструктілі құрылысының ерекшелігіне және жерлеу ғұрпына қарай

екі топқа бөлді. Ғалым өзінің Ертіс бойындағы Жартас, Убаредмет және Ақший II, Қарашат III қорымдарына қазба жұмыстарының нәтижесіне сүйене отырып екі топқа бөлді.

Бірінші топқа Жартас қорымының бес нысаны жатады (№ 11, 41, 49, 50, 51 обалар). Олар дөңгелек пішінді жер асты құрылыстары болып табылады. Үш қорғанның негізінен ірі тастардан қаланған дөңгелек іргетас қалдықтары айқын байқалады. Ал қалған екі қорғанда іргетас іздерінің сақталмауы олардың табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен бүлінуімен түсіндіріледі. Бұл тас конструкциялардың биіктігі 0,3–0,5 м, ал диаметрі 4,5–7,6 м аралығын құрайды. Қабір шұңқырлары негізінен сопақша болып келеді және батыстан шығысқа қарай бағытталған.

Бұл топтағы қорғандарды оқшаулап көрсетудің басты ерекшелігі – тас жәшіктерді жабу тәсілі мен жерлеу ғұрыптарының өзіндік сипатында. Жәшіктер негізінен төрт гранит плитадан құрастырылған. Қабірлерде ересектер (3), жасөспірімдер (2) және сәбилер (3) жерленген. Мәйіттердің жерлену анатомиясына келсек: төрт адам оң жақ бүйірімен, тізелері бүгілген күйде, екеуі шалқасынан, ал тағы екеуінің біреуінде аяқтары жамбас буынынан бүгіліп орналастырылған. Мәйіттердің жүзі солтүстікке, ал бастары шығысқа бағытталған. Жерленгендердің антропологиялық типтері әлі анықталған жоқ.


Екінші қорғанды (№ 41) қоспағанда, қалған барлық обалардан жерлеу инвентары ретінде қой сүйектері (жол азығы), ал үш жәшіктен қосымша қой омыртқалары табылған. Сонымен қатар, тек № 51 қорғаннан жылқы сүйегі аршылды. Жәдігерлер кешенін құмыра тәрізді қыш ыдыстар құрайды. Тек № 51 қорғаннан сүйектен жасалған 5 жебе ұшы табылды (№ 5 сурет).



Сурет 5. *Жартас қорымы, №49-50 оба. (Құлажорға мәдениеті)*

(З.Самашев материалдары бойынша)

Екінші топқа Убаредмет қорғанының 5 нысаны және Ақши II және Қарашат III ескерткіштері жатады. Бірінші топ қорғандардан ерекшелігі – олар кішкене топтармен әр түрлі кезеңдерді қамтитын ескерткіштер арасында орналасқан. Олардың ішкі құрылымдары тас сақина тәрізді келіп, диаметрі 5,4 м-ден 6,6 м-ді құрайды. Қабір шұңқырлары сопақ формада болған. Қабірдің ішкі құрылымында кейде ағаш рамалары кездескен. Зерттелген қорғандардың көпшілігінде адамдар топырақты шұңқырларда созылған күйінде, шалқасынан, қолдары денесін бойлай жерленген. Басы тек қана батысқа қаратылған. Ақыреттік заттардан сазды ыдыстарынан басқа, темір пышақтар, түйреуіштер, мыстан жасалған сырғалар кездескен.



Сурет 6. *Ақши қорымы, №8 оба. (Құлажорға мәдениеті)*
(З.Самашев материалдары бойынша)

Құлажорға кезеңінің жан-жақты зерделенген келесі бір ескерткіштер кешеніне Құрық-2 және Зевакино қорымдарын жатқызуға болады. Құрық-2 қорымындағы № 1 қорған үйіндісі ішкі және сыртқы тас қоршаулардан тұрады. Тереңдігі 3 метрді құрайтын қабір шұңқырының ішіне өлшемі 2,3 × 1,3 м болатын тас жәшік орнатылған. Алайда, мұнда жерленген мәйіт ақыреттік инвентарымен бірге тоналған № 6 қорғанның қабір шұңқырынан, 1,8–1,3 м тереңдіктен оң жамбасымен жатқызылған, басы жоқ, әбзелденген жылқы сүйегі аршылды. Жылқының алдыңғы аяқтарының астына, тас жәшіктің үстіңгі бөлігіне басы жоқ қой қойылған. Қабір ішінен тек сүйектен дайындалған үш қырлы, тиегі (шегесі) бар жебе ұшы ғана табылды. Зерттеушілердің пайымдауынша, № 1 және № 6 қорғандар жерлеу ғұрпы мен сәулеттік құрылымы жағынан Құлажорға кезеңінің сипаттарына сәйкес келгенімен, б.з.д. VIII ғасырдың аяғы – VII ғасырлармен мерзімделетін Измайловка кешенінің ескерткіштеріне де ұқсас болып келеді (Самашев, Васютин, Ермолаева, 1988) (№ 6 сурет).

Ал 1990 жылдары Ертістің жоғары ағыс бойындағы ескерткіштер А.А. Ткачев тарапынан зерттелген болатын. Зерттеуші Ертістің жоғарғы ағысы бойынан Қызылтас ескерткіштер шоғырын ашып, қазба жұмыстарын жүргізеді. Қызылтастағы № 19 қорғанда (диаметрі 12 м, биіктігі 0,6 м) арқасымен жатқызылып, басы батыс, солтүстік-батысқа

қаратылған адам жерленген. Оның жанынан темір найза, оң жағына қыш ыдыс аршылды (Ткачев, Дубровский, 1996).

Қызылтас қорымының № 5 қорғанында солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа созылған қабір шұңқырында бастары аздап ауытқымалықпен батысқа қаратылған үш адам жерленген (бір отбасының мүшелері болуы мүмкін, жерленгендердің екеуі ересек, енді біреуі жас бала). Қабірдің оңтүстік-батыс бұрышында, тас жәшік пен қабырға арасына қыш ыдыс қойылған.


Қызылтас қорымында зерттелген келесі № 7, № 45, № 46 мен № 47 қорғандарының қабір шұңқырларындағы жәшіктеріндегі мүрделер оң қырымен, бастары аздап ауытқушылықпен шығысқа қаратылып жерленген. Ақыреттік заттарына келетін болсақ, оң жақтарында қыш ыдыс, кейде қой асығы, темір пышақ қойылған. № 46, № 47 қорғандарынан қабір шұңқырын толтырған тастардың үстінен аяқтары бүгіліп, бастары шығысқа қаратылып, сол қырымен жатқызылған жылқы табылған (Ткачев, 1992).

2014 жылы А. Айтқали «Шығыс Қазақстанның ежелгі жәдігерлері: мәдени-тарихи үдерістер» гранттық жобасы аясында Семей қаласының маңындағы Көкентау археологиялық ықшам ауданы Қаратөбе қыстауында СШ тізбегіне қарай № 1, 2, 3 обалар зерттелді.

№1 оба зерттелген оба апатты жағдайда, оба антропогендік факторлардың әсерінен жартылай жойылған. Сыртқы белгілері бойынша ол басқа нысандарға ұқсас, үйіндісі топырақ пен тастан тұрады, дөңгелек, қимасында жатаған пішінді. Сыртқы шетінде кромлехтің жұрнақтары жартылай сақталған. Сыртқы сақинасымен қосқанда обаның диаметрі – шамамен 13 м, үйіндінің өзінің диаметрі – 7 м, биіктігі – 0,5 м.

№2 оба қорғанның үйіндісі тасты, аз мөлшерде топырағы бар, солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған, жобасында сопақша-тікбұрышты, қимасында линза тәрізді пішінде (3-сурет, б; в). Қорған беті әлсіз шымдалған, ешқандай шұңқырлар мен адам әрекетінің іздері тіркелген жоқ. Қорған үйіндісінің табанынан 3 м жерде қазіргі жер беті деңгейінде қорғанның СШ (солтүстік-шығыс) секторында кіреберісі анық белгіленген қос сақина байқалды. Сақиналар мен үйіндінің арасындағы толтыру болған жоқ (2-сурет). Қорғанның параметрлері: сақинасымен бірге ШБ (шығыс-батыс) – 13,6 м, СО (солтүстік-оңтүстік) – 14 м, ені шамамен 0,5 м. Қабір үсті үйіндісінің диаметрі ШБ – 6 м, СО – 7 м, биіктігі – 0,8 м. Кромлехтен тыс жерде, қорғанның батыс және оңтүстік-батыс жағынан екі шағын тас үйіндісі байқалды. Сүйек қалдықтарының орналасуына қарағанда, мүрде шалқасынан жатқызылған, басы БОБ бағытталған және жүзі СБ (солтүстік-батыс) қаратылған, сол қолы денесінің бойында, оң қолы шынтақ буынынан бүгіліп, алақаны жамбас сүйегінің үстіне қойылған, аяқтары сол жақ бүйіріне жатқызылып, айқастырылған және тізесінен бүгілген. Қаңқаның айналасында киім қалдықтарынан (оның ішінде биік бас киімнен) және төсеніштен қалған, қоңырқай түсті шірінді байқалды. Марқұмның басынан батысқа қарай шамамен 20 см қашықтықта геометриялық және өсімдік тектес өрнектермен безендірілген алтын пластина түріндегі бас киім әшекейі табылды. Осы жерде, онымен бір деңгейде, басы алтынмен қапталған темір түйреуіш анықталды. Қаңқаның мойын омыртқалары тұсынан ромб тәрізді өрнекпен безендірілген түрлі түсті тастар мен алтыннан жасалған алқа тазартылып алынды (7-сурет, в, г). Сол қол саусақтарының фалангалары үстінен дөңгелек пішінді екі темір бұйым және қола сақина анықталды. Ортан жіліктен сәл төменірек жерде моншақтар мен ортасында қола сынықтары бар темір бұйым орналасқан.

Тас жәшіктің оңтүстік ернеуіне жақын жерден дән қалдықтары табылды. Алайда олардың нақты қандай дәнді дақыл түріне жататынын қазіргі уақытта анықтау мүмкін болмай отыр.



Сурет 7. *Көкентау қорымы, Қаратөбе №2 оба.*
(А. Айтқалидің материалдары бойынша)

№ 3 обаның топырағы оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай созылған, жоспарда тікбұрышқа жуық, кесіндіде линза тәрізді пішінде және топырақпен аралас тастардан үйілген (6-сурет, б, в). Оба периметрі бойынша, алдыңғылары сияқты, солтүстік-шығыс жағында екі ірі тастан белгіленген кіреберісі бар қос сыртқы сақинаға ие. Кромлех пен негізгі үйінді арасындағы аумақта тас толтырма болған жоқ. Оба параметрлері: сақинасымен бірге ШБ – 17,6 м, СО – 17 м, ені шамамен 0,8 м. Қабір үсті үйіндісінің диаметрі: ШБ – 8 м, СО – 8,2 м, биіктігі – 0,4 м (5-сурет).

Үйіндіні аршу барысында көне беткі қабатта сақина пішінді жер үсті құрылысы анықталды; оны тұрғызу үшін ұзын жағы бір-біріне қаратып бағытталған орташа және ірі көлемдегі тастар пайдаланылған. Жер үсті құрылысының диаметрі – 6 м.

Сақинаның ортасында қабір үсті тас өрімі тіркелді. Оның астынан ұзын осі БОБ–ШСШ (батыс-оңтүстік-батыс – шығыс-солтүстік-шығыс) бағытында орналасқан, шеттері жұмырланған, тікбұрышты пішінді тар қабір шұңқыры анықталды. Қабір шұңқыры түбіне қарай біртіндеп тарылып, түбіндегі өлшемі 2,1 × 0,6 м құрады.

Қазіргі жер бетінен 34 см тереңдікте № 1 обадан табылғандарға ұқсас қабір шұңқырының ірі тас жаппа плиталары тіркелді. Жаппа плиталардың жоғарғы ұштары солтүстік қабырғаға сүйеліп, төменгі ұштары оңтүстік қабырға бойына орналастырылған. Плиталарды берік бекіту мақсатында олардың төменгі ұштары көлденең қойылған тастармен тірелген.

Жаппа плиталар аршылғаннан кейін, 1,05 м тереңдікте қабір шұңқырының түбінен адам қаңқасы тазартылды. Зерттеу барысында қаңқа мен оған қатысты барлық жерлеу заттарының бастапқы орнында («in situ») сақталғаны анықталды.


Жерленген адам шалқасынан, тік созылған күйде жатқызылған, қолдары денесінің бойымен созылған, басы БОБ бағытында орналасқан. Мойын омыртқалары мен бассүйек маңынан сердоликтен, агаттан және басқа да тастардан жасалған көптеген моншақтар табылды. Бассүйектен сәл жоғары бөліктен темір түйреуіш (булавка) пен қойдың құйрық омыртқалары анықталды (Айтқали, Жүнісханов, Рахманқұлов, 2014).

Көкентау археологиялық ықшам ауданындағы Қаратөбе обасы соңғы темір дәуірінің ескерткіштерін зерттеудің алғышарты болды. 2023 жылы «Көкентау археологиялық кешені: тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін кешенді зерттеу» ғылыми жобасы аясында Көкентау археологиялық кешенінде соңғы темір дәуіріне тән Хандар сайы 1 қорымына зерттеу жұмысы жүргізілді.

Зерттеу жүргізілген ескерткішке мінездеме берер болсақ, Хандар сайы 1 қорымы – айналадағы ландшафтынан биік оқшау 17 обаны қамтитын кешен. Обаларды нөмірлеу солтүстіктен оңтүстікке қарай ретімен жүргізілген. Бірінші топ қорымның солтүстік шетінде орналасқан екі обаны (№ 1 және 2) қамтиды. Одан 20 м оңтүстікке қарай орналасқан екінші топ жеті обадан тұрады. Үшінші топ та жеті обадан тұрды, алайда ол екінші топтан өзінің кеңістіктік оқшаулығын айқындайтын шағын сатылы биіктікпен бөлінген. Қорым алаңының оңтүстік бөлігіндегі ең шеткі объект – 17-оба соңғы топтан оңтүстікке қарай 120 м қашықтықта оқшау орналасқан. Негізінен ең ірі обалар тобы бірінші және екінші топқа шоғырланған. Обалардың биіктігі 0,6–0,7 м болады, үсті бір қатар тас қалауымен жабылған. Қабір шұңқырынан табылған жәдігерлер қатарында қыш ыдыстың 150-ге жуық сынықтары, сондай-аққұрбандық тасы табылды. Ғылыми сараптамалық талдауға қарағанда, көзешілер құрамында темір мөлшері орташа жоғары балшықты пайдаланған. Балшыққа ұсақталған тау жынысы мен құм қосылған. Нәтижесінде түсі мен текстурасы көптеген ақ және қара минералды қоспалары бар орташа қызыл түсті болып шыққан (4, 6-суретті қараңыз).

Күңгірт түсті шағын бөліктер кездеседі, бірақ қалған жағдайда түсі барлық сынықтар үшін біркелкі (4, 2-суретті қараңыз). Ыдыс қарапайым шұңқырда ошақта күйдіру арқылы өте төмен температурада (<800°C) күйдірілген. Ошақта пайдаланылған отын күйе мен түтіннің аз мөлшері бар тотығу ортасын қалыптастырды, бұл ыдыстың барлық қабырғалары мен ішкі текстурасында біркелкі қызғылт сары түс пайда болуына мүмкіндік берді.


Ыдыстың функционалдық рөлі, сірә, тек салтанатты-ритуалдық сипатта болса керек. Текстурасы өте берік емес, кеуекті әрі қопсыңқы. Сұйықтықтар біраз уақыттан кейін ағып кететін болған. Бұл ыдыс сұйықтық сақтау үшін пайдаланылмаған болуы ықтимал. Бұдан бөлек, қыздыру немесе тамақ пісіру белгілері де жоқ. Тамақ іздері де, көмірлену де, қыздырудан болған зақымданулар да байқалмайды. Осылайша, ыдыс алдын ала ешқандай пайдаланылусыз – тек жерлеу рәсімі кезінде қолданылу үшін ғана жасалған болуы мүмкін.



Сурет 8. *Қышыдыс бөлігі. Көкентау қорымы, Хандар сайы №1 оба. (А. Айтқалидің материалдары бойынша)*

Табылған тағы бір құнды жәдіге құрбандықтасы немесе алтарик орташа тығыздықтағы граниттен жасалған бұйым болып табылады. Жоспарда бұл заттың пішіні сопақша, шеттері асимметриялы, олардың біреуі екіншісінен кеңірек. «Алтариктің» ең үлкен диаметрі – 22 см, биіктігі – 4,3 см, бүйір бөлігінің қалыңдығы – 4 см, ал орталық бөлігінде – 2 см.

Бойлық кесіндісінде бұйым сәл дөңес, жиектері ортасына қарай шамамен 9° бұрышпен еңкейеді. Заттың кесіндісі сопақша. Ортасындағы ойықтың ең үлкен тереңдігі 2,4 см-ге, ал жиектері бойынша 1,9 см-ге жетеді. Бұйымның салмағы 0,93 кг (5-сурет). «Алтариктің» табаны дөңес пішінді, ал үстіңгі беті тар жағында айқын байқалатын қиғаштығы бар тегіс болып келеді. Бұйымның сыртқы беті төмен дәрежеде ажарланған, соның салдарынан онда көптеген кеуектер мен бұдырлар сақталған. Бұл ретте сыртқы жағын абразивті құралмен өңдеу біркелкірек орындалған.



Сурет 9. *Құрбандық тасы . Көкентау қорымы, Хандар сайы №1 оба. (А. Айтқалидің материалдары бойынша)*

«Алтариктегі» макро және микроіздердің фототіркелуі: А – майлы органика қалдығы (100× үлкейтілген макротүсірілім);

В – тас құралдан қалған шеңберлі сызықтардың сақталған іздері (100× үлкейтілген макротүсірілім);

С – бұйымның ішкі бөлігіндегі органика және майлы тамақ қалдықтары (250× үлкейтілген макротүсірілім);

D – бұйым бетіндегі сызықтық тозу іздері (250× үлкейтілген макротүсірілім);

Е – бұйымның бүйір бөлігіндегі сызықтық тозу іздері (200× үлкейтілген макротүсірілім);

F – бұйымның төменгі сыртқы дөңес бөлігіне сіңген жоса (охра) іздері (100× үлкейтілген макротүсірілім);

G – бұйымның сыртқы төменгі бөлігіндегі жоса және майлы тамақ іздері (100× үлкейтілген макротүсірілім);

К – бұйымның сыртқы дөңес бетінің бүйір жағына жақын орналасқан майлы тамақ іздері (200× үлкейтілген макротүсірілім).

Хандар сайы-1 қорымының №8 обасында жүргізілген зерттеу Жоғары Ертіс өңірі мен Шығыс Сарыарқадағы соңғы сақ дәуіріне тән жерлеу дәстүрлері мен мәдени үдерістерді зерттеудегі маңызды нәтижелердің бірі болып табылады. Қазба барысында алынған материалдар, соның ішінде қыш сынықтары мен тас «құрбандықтас» («алтарик»), жергілікті қолөнер дәстүрлері мен сырттан енген мәдени элементтердің өзара сабақтасқанын және өңіраралық байланыстардың дамығанын көрсетеді. (Айткали , Курмангалиев, Ержанова, Каримбаева, 2025).

Алынған археологиялық деректерді жақын маңдағы ескерткіштер материалдарымен салыстыру соңғы сақ дәуіріндегі мәдени динамиканың негізгі заңдылықтарын тереңірек түсінуге, сондай-ақ осы аумақтағы мәдени-хронологиялық үдерістердің өзіндік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қазіргі таңда отандық археология ғылымында Еуразияның Ұлы даласындағы тұрғындардың мәдени дамуы басқа өркениеттердің ықпалымен қалыптасты деген көзқарастар біртіндеп қайта қарастырылып, оның орнына далалық өркениеттің өзіндік даму ерекшеліктері болғандығы туралы ғылыми тұжырымдар орныгып келеді. Сонымен қатар, сақ-үйсін кезеңінен бастап алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасуы туралы ғылыми пікірлер де кеңінен қарастырылуда.

Жоғарғы Ертіс өзені бойында ерте темір дәуірінде қалыптасқан көптеген мәдени дәстүрлердің археологиялық қалдықтары бүгінгі күнге дейін сақталған. Алайда аталған мәдениеттердің қалыптасу тарихы, олардың өзара ықпалдастығы мен мәдени байланыстарының сипатына қатысты әлі de көптеген белгісіз мәселелер бар. Өткен ғасырда жүргізілген археологиялық зерттеулердің бірқатары жүйесіз әдістермен жүзеге асырылып, ғылыми-әдістемелік талаптардың толық сақталмауына байланысты көптеген ескерткіштердің нақты мерзімделуі мен мәдени-тарихи ерекшеліктері толық анықталмаған.

Табиғи-географиялық жағдайлары алуан түрлі Қазақстан аумағында әр тарихи кезеңде шаруашылық жүргізу тәсілі, мәдениеті мен дүниетанымы әртүрлі тайпалар мен халықтар өмір сүрген. Шаруашылық жүйелерінде ортақ белгілер болғанымен, діни-ғұрыптық салт-дәстүрлері мен мәдени ерекшеліктері жағынан бір-бірінен ажыратылатын ежелгі тайпалар сақтардың этномәдени бірлестіктерін құраған.

Қазақстанның ежелгі тарихы мен мәдениетінің тарихи-географиялық шекарасы қазіргі Қазақстан Республикасының саяси-әкімшілік шекарасымен шектелмейді. Мәселен, ерте темір дәуірінде қазіргі Қазақстанның шығыс өңірлері мен Шыңжаңның батыс және солтүстік аймақтарында антикалық және қытай жазба деректерінде тиграхауда сақтары, «алтын қорғанды грифтер елі» және үйсін тайпалары мекендегені туралы мәліметтер кездеседі. Бұл аумақтардың тарихи-мәдени тұрғыдан өзара тығыз байланыста болғанын археологиялық деректер de көрсетеді.

Қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің тамыры тереңде жатқанын археологиялық ескерткіштердің кеңістікте жүйелі орналасуы, олардың белгілі бір аумақтарда ұзақ уақыт бойы пайдаланылуы, сондай-ақ жерлеу құрылыстары мен жерлеу рәсімдерінің, тұрмыстық бұйымдар мен қару-жарақтардың өзара ұқсастықтары айғақтайды. Мұндай археологиялық деректер аталған ескерткіштерді қалдырған тұрғындардың этникалық, мәдени және әлеуметтік даму ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Осы бағыттағы зерттеулерді одан әрі жалғастыру ерте темір дәуіріндегі сақ қауымдастықтарының әлеуметтік ұйымдасуын, діни-ғұрыптық және жерлеу салт-дәстүрлерін, қолөнерінің даму деңгейін, сондай-ақ олардың Еуразия даласындағы мәдени және экономикалық байланыстар жүйесіндегі орнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Археологиялық ескерткіштерді кешенді түрде зерттеу арқылы Жоғарғы Ертіс өңірінің ерте темір дәуіріндегі мәдени-тарихи үдерістердегі рөлін айқындап, сақ-үйсін кезеңіндегі далалық өркениеттің өзіндік даму ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан негіздеуге болады.

Алғыс:

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министірлігі Ғылым комитетінің BR 24992916 " Абай облысын кешенді тарихи-археологиялық зерттеу" ғылыми бағдарламасы шеңберінде қаржылық қолдауы мен орындалды

ӘДЕБИЕТТЕР

Айтқали А. К., Жунисханов А. С., Каирмагамбетов А. М., Ахметов М. Г., & Рахманкулов Е. Ж. (2014). В *Материалы IV Международной научной конференции «Кадырбаевские чтения-2014» (9–10 октября 2014 года)* (с. 151–155). Актобе.

Айткали А. К., Курмангалиев А. К., Ержанова А. Е., & Каримбаева З. Р. (2025). Курган позднесакского времени из Восточной Сарыарки. *Сибирские исторические исследования*, (2), 189–208. https://doi.org/10.17223/2312461

Арсланова Ф. Х. (1969). *Отчет (предварительный) об археологической практике студентов 1-го курса исторического факультета УКПИ в 1968–1969 году* (Опись 2, Д. № 1125, с. 13–18). Архив ИА КН МОН РК.

Омаров Ғ. Қ. (2010). *Алтай-Тарбағатай аралығындағы ерте темір дәуірінің археологиялық ескерткіштері (кезеңделуі, мерзімделуі және мәдени атрибуциясы)* (Тарих ғылымдарының кандидаты диссертациясы). Алматы. Б. 87–94.

Оңғар А. (2010). *Ерте темір дәуіріндегі Қазақ Алтайы мен Жетісу тұрғындарының жерлеу ғұрпы* (Тарих ғылымдарының кандидаты диссертациясы). Алматы. Б. 57–67.

Самашев З. С. (1987). Памятники кулажургинского типа. В *Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС* (с. 95–115). Алма-Ата: Наука.

Самашев З. С., Васютин А. С., Ермолаева А. С., и др. (1988). *Отчет об археологических исследованиях на территории Восточно-Казахстанской области за 1988 год* (Фонд 11, Д. № 2177). Архив ИА КН МОН РК.

Тишкин А. А., & Горбунов В. В. (2006). Горный Алтай в хуннуское время: культурно-хронологический анализ археологических материалов. *Российская археология*, (3), 31–41.

Ткачев А. А. (1993). *Отчет: полевые археологические исследования в Верхнем Прииртышье в 1992–1993 гг.* (Опись 2, Д. № 2424, с. 8–13). Архив ИА КН МОН РК.

Ткачев А. А., & Дубровский В. А. (1996). Погребение воина кулажоргинской культуры. В *Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского края: материалы научно-практической конференции* (с. 141–146). Барнаул.

Төлеубаев Ә. Т. (1999). Ертедегі үйсіндердің Тарбағатайдың теріскейіндегі ескерткіштері. *ҚазМУ Хабаршысы. Тарих сериясы*, (12), 23–35.

Төлеубаев Ә. Т., Жуматаев Р. С., & Шагирбаев М. С. (2017). Шілікті IV қорымындағы №7 обаның қазбасы нәтижесі. В Ғ. Қ. Омаров (жауапты ред.), *«Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары* (1-бөлім, 337 б.). Алматы: Қазақ университеті.

Черников С. С. (1949). *Древняя металлургия и горное дело Западного Алтая*. Алма-Ата: Наука.

Черников С. С. (1951). Отчет о работах Восточно-Казахстанской экспедиции 1948 г. *Известия АН Казахской ССР. Серия археологическая*, (3/108), 64–81.

Черников С. С. (1948). *Предварительный отчет о работе Восточно-Казахстанской экспедиции в 1948 г.* (Ф. 11, Оп. 2, Д. 120, с. 6). Архив ИА КН МОН РК.

REFERENCES

Aitkali A. K., Zhuniskhanov A. S., Kairmagambetov A. M., Akhmetov M. G., & Rakhmankulov E. Zh. (2014). In *Proceedings of the IV International Scientific Conference "Kadyrbayev Readings-2014" (October 9–10, 2014)* (pp. 151–155). Aktobe. (In Russian).

Aitkali A. K., Kurmangaliyev A. K., Erzhanova A. E., & Karimbayeva Z. R. (2025). A Late Saka Period Burial Mound from Eastern Saryarka. *Siberian Historical Research*, (2), 189–208. https://doi.org/10.17223/2312461 (In Russian).

Arslanova F. Kh. (1969). *Preliminary Report on the Archaeological Field Practice of First-Year Students of the Faculty of History of UKPI in 1968–1969* (Inventory 2, File No. 1125, pp. 13–18). Archive of the Institute of Archaeology of the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. (In Russian).

Chernikov S. S. (1948). *Preliminary Report on the Work of the East Kazakhstan Expedition in 1948* (Fund 11, Inventory 2, File 120, p. 6). Archive of the Institute of Archaeology of the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. (In Russian).

Chernikov S. S. (1949). *Ancient Metallurgy and Mining in the Western Altai*. Alma-Ata: Nauka. (In Russian).

Chernikov S. S. (1951). Report on the Work of the East Kazakhstan Expedition in 1948. *Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Archaeological Series*, (3/108), 64–81. (In Russian).

Omarov G. K. (2010). *Archaeological Sites of the Early Iron Age in the Altai–Tarbagatai Region (Periodization, Chronology, and Cultural Attribution)* (Candidate of Historical Sciences Dissertation). Almaty. pp. 87–94. (In Kazakh).

Ongar A. (2010). *Burial Customs of the Population of the Kazakh Altai and Zhetysu during the Early Iron Age* (Candidate of Historical Sciences Dissertation). Almaty. pp. 57–67. (In Kazakh).

Samashev Z. S. (1987). Monuments of the Kulajurgin Type. In *Archaeological Monuments in the Flooding Zone of the Shulbinsk Hydroelectric Power Station* (pp. 95–115). Alma-Ata: Nauka. (In Russian).

Samashev Z. S., Vasyutin A. S., Ermolaeva A. S., et al. (1988). *Report on Archaeological Research Conducted in the East Kazakhstan Region in 1988* (Fund 11, File No. 2177). Archive of the Institute of Archaeology of the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. (In Russian).

Tishkin A. A., & Gorbunov V. V. (2006). Mountain Altai during the Xiongnu Period: Cultural and Chronological Analysis of Archaeological Materials. *Russian Archaeology*, (3), 31–41. (In Russian).

Tkachev A. A. (1993). *Report: Field Archaeological Research in the Upper Irtysh Region in 1992–1993* (Inventory 2, File No. 2424, pp. 8–13). Archive of the Institute of Archaeology of the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. (In Russian).

Tkachev A. A., & Dubrovsky V. A. (1996). Burial of a Warrior of the Kulajurgin Culture. In *Preservation and Study of the Cultural Heritage of the Altai Region: Proceedings of the Scientific and Practical Conference* (pp. 141–146). Barnaul. (In Russian).

Toleubayev A. T. (1999). Monuments of the Ancient Wusun in Northern Tarbagatai. *Bulletin of Kazakh State University. Historical Series*, (12), 23–35. (In Kazakh).

Toleubayev A. T., Zhumatayev R. S., & Shagirbayev M. S. (2017). Results of the Excavation of Mound No. 7 at the Shilikti IV Burial Ground. In G. K. Omarov (Exec. Ed.), *Proceedings of the IX Orazbayev Readings International Scientific and Methodological Conference "Modern Methods and Approaches to the Study of the Historical and Cultural Heritage of Kazakhstan and Adjacent Countries"* (Part 1, p. 337). Almaty: Kazakh University. (In Kazakh).

Автор туралы мәлімет:

Құрманғалиев Арман Қайратұлы *– Гуманитарлық ғылымдар дәрежесінің магистрі (Археолог) Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Археология және этнография бөлімінің жетекшісі, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ даңғылы, 24.* ***e-mail: armangayrat2017@gmail.com***

Author Information:

Arman Kairatuly Kurmangaliyev *– Master of Humanities (Archaeologist), Head of the Department of Archaeology and Ethnography, National Museum of the Republic of Kazakhstan, 24 Syganak Avenue, Astana, Republic of Kazakhstan.* ***Email: armangayrat2017@gmail.com***

Сведения об авторе:

Курмангалиев Арман Кайратулы *– магистр гуманитарных наук (археолог), руководитель отдела археологии и этнографии, Национальный музей Республики Казахстан, Республика Казахстан, г. Астана, проспект Сыганак, 24. e-mail: armangayrat2017@gmail.com*